

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№133
НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№133» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ УЛЫТАУ

Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы
100600, Жезқазған қаласы, Железнодорожная көшесі, 1 ғимарат
тел./факс: 8(7162) 41-20-22
e-mail: zhezkazganobshv133@mail.ru
БСН 060240016437

Республика Казахстан, область Улытау
100600, город Жезказган, ул. Железнодорожная, здание 1
тел./факс: 8(7162) 41-20-22
e-mail: zhezkazganobshv133@mail.ru
БСН 060240016437

БҰЙРЫҚ

№ 05.01.2024 т.ж.

ПРИКАЗ

№ 6

Өзін-өзі бағалауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4 тармағының 1 тармақшасына және Ұлытау облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің мемлекеттік аттестаттау жоспарына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына, «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2024 жылдың 5 қаңтарында өткізілген №3 педагогикалық кеңестің хаттамасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін. (қосымша 1)
 2. 2024 жылдың қаңтардың 5-нен 8 ақпан аралығында өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдардағы мектептің жұмысына бағалау жұмыстарын жүргізісін.
 3. «№133 негізгі орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалауды өткізу іс-шара жоспарын дайындау директордың оқу ісі-жөніндегі орынбасары Сембинаға А.Т.-ға жүктелсін.
 4. Комиссия мүшелерінің атқаратын қызметтік міндеттерін бөлу және оның орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын. (қосымша 2)
 5. «№133 негізгі орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау қорытындысы кезекті педагогикалық кеңесте қаралсын.
 6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауда өзіме қалдырамын.
- Негіздеме:** 2024 жылғы 5 қаңтардағы №3 педагогикалық кеңес.

Директор



А. Обайдуллина

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру
және жүргізу бойынша комиссия құрамы

Комиссия төрағасы:

Обайдуллина Айгуль Сайлауовна - мектеп басшысы

Комиссия мүшелері:

1. Сембина А.Т. -директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Омарова С.Т.-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Ахмирова А.А. -директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары
4. Беглярова К.М. -бастауыш сынып пәндерінің ӘБ жетекшісі
5. Ахметова А.Қ. – казак тілі мен әдебиеті пәндерінің ӘБ жетекшісі
6. Алимова А.С. - орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі пәндерінің ӘБ жетекшісі
7. Култасова Г.Е. -жаратылыстану-математика бағытындағы пәндердің ӘБ жетекшісі
8. Ақботина Қ.Қ.- педагог- психолог
9. Исмаилова С.Ж.- әлеуметтік педагог
- 10.Рысбекова Қ.Б- мектептің кітапхана меңгерушісі
- 11.Муханбетрахимова А.К. –мектептің іс жүргізушісі

Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру мен жүргізу бойынша комиссия мүшелерінің атқаратын қызметтік міндеттері:

Обайдуллина Айгуль Сайлауовна -комиссия төрағасы
-өзін-өзі аттестаттаудың өз мәнінде және уақытында өтуін бақылайды.
-комиссия мүшелерін қажетті нормативті құқықтық құжаттармен қамтамасыз етеді.

-оқушылардың білімдері мен біліктерін тексеру материалдарын бекітеді.
-өзін-өзі аттестаттау бойынша комиссиясының шешімінің орындалуын бақылайды.

-өзін-өзі аттестаттау нәтижелері туралы педагогикалық кездесуде баяндайды;
-мектептің материалдық техникалық базасымен жағдайына талдау жасап,оны жетілдіру шешімдер қабылдайды.

-камқоршылық кеңес мүшелерін мектеп аттестациясының өту барысымен таныстырады.

-мектептің жұмыс тәртібін реттейтін құрылтайшы құжаттарын тексереді.

Сембина А.Т. -директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

-өзін-өзі аттестаттауды сапалы ұйымдастыру үшін нұсқаулықтар жүргізеді.

-өзін-өзі аттестаттау бойынша комиссия жұмысына жауап береді.

-өзін-өзі аттестаттау бойынша құжаттарды рәсімдейді.

А.Обайдуллина. А.Сембина.

-кадрлар бойынша акпараттарда талдау жасайды.

- мұғалімдердің аттестациясын және оқу жүктемелерінің, сабақ кестелерінің тұрақтылығын және олардың орындалуын қадағалайды.

-зертханалық,сарамандық жазба жұмыстардың нормаларының орындалуына сараптама жасайды.

-білім сапасына үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмысқа сараптама жасайды.

А.Муханбетрахимова-іс жүргізуші

-іс қағаздардың жүргізілуіне, оқушылармен мұғалімдердің жеке іс қағаздарының жүргізілуіне,үш жылдағы бұйрықтарға,педагогикалық кеңестер мен әліпби кітабының хаттамаларына, әр сыныптарда оқушы келетін ісіне талдау жасайды.

-өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша құжаттарды электронды нұскасын жасап жинақтайды, мектеп сайтына жүктейді

Омарова С.Т.-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мектептегі тәрбие жұмысына, сынып жетекшілер, оқушылар мен ата-аналармен жүргізген жұмыстарына, өзін-өзі басқару ұйымы жұмысына сараптама жасайды.

Ақботина Қ.К

-психологиялық қызмет жұмыстарына талдау жасайды.

Исмаилова С.Ж.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайларына талдау жасайды.

Ахмирова А.А.

- материалдық техникалық базаға олардың сақталуына, санитарлық нормалардың, ережелердің орындалуын, оқу кабинеттердің, жиһаздардың жай күйіне талдау жасайды.

Рысбекова Қ.Б.

- оқу-әдебиетінің қорына, оқу-әдістемелік әдебиет қорына, әр оқушыға келетін /әр саты бойынша/ әдебиеттің мөлшеріне сараптама жасайды;

-корлардың құрамына кітапхананың негізгі кітап қорына талдау жасайды.

-қосымша әдебиеттерге /анықтамалық, библиографиялық және ағымдағы басылымдар/ талдау жасайды.

-өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша құжаттарды электронды нұсқасын жасап жинақтайды, мектеп сайтына жүктейді.

ӘБ жетекшілері

- Пәндер бойынша оқушылардың үлгеріміне, оқушылардың дайындау дәрежесіне талдау жасайды.

- Қорытынды бақылау жұмыстары мен аралық қорытынды аттестациялау бойынша жұмыстарға талдау жасайды;

- Оқушылардың олимпиадалар мен ғылыми жобалар жарыстарындағы жетістіктерін саралайды.

- Педагогтердің байқаулардағы, фестивальдар мен жарыстардағы жетістіктерін талдайды.

- ӘБ бойынша кәсіби білім көтеру деңгейіне талдау жасайды.